

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЕСІЛ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
20 21 ж. «14» қаңтар
9.00 сағатта
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЕСІЛ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
2021 ж. 01.09



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/3 қаулысымен
бекітілген



«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) тәрбиелік, білім беру қаржылық функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі (бұдан әрі-Құрылтайшы) болып табылады.

5. «Ақмола облысының білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-тиісті саланың уәкілетті органы) тиісті саланың уәкілетті органы болып табылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 020400 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Уәлиханов көшесі, 13 Б.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікке ие болады.

11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелуден кейін, өз күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні білім алушыларды жеке тұлға, қоғам, мемлекет мүддесінде оқыту және тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беруді жүзеге асыру болып табылады.

13. Мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекеттік мекеме мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;

3) жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

7) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау;

8) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

9) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

10) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

14. Мемлекеттік мекеме білім беру процесін «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

15. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарларын, оның ішінде оқу процесін жүзеге асыратын қысқартылған оқу жүктемесі бар оқу жоспарларын дербес тандайды.

16. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен игеру үшін баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу іс-әрекетінде оң уәждемесі мен іскерлігін: оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдыларының, шығармашылық өзін-өзі іске асырудың, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

17. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлғаның өзін-өзі айқындауына және кәсіби бағдарлануына бағытталған. Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

18. Мемлекеттік мекемедегі оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Мемлекеттік мекемедегі оқу процесі үлгілік оқу жоспары негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақ кестесімен регламенттеледі.

20. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарының инвариантты және вариативті компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табиғатта) өткізеді.

21. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі МЖМББС-ы, санитариялық қағидаларымен, үлгілік оқу жоспарлары денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мемлекеттік мекеме бекіткен Ережемен айқындалады.

22. Мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесін оның басшысы не оны алмастыратын адам бекітеді.

23. Мемлекеттік мекемеде лицей сыныптары жұмыс істейді. Лицей сыныптары оқушыларының контингентін қалыптастыру конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Білім алушыларды іріктеудің мазмұны

мен нысанын әкімшілік мүшелерінен, пән мұғалімдерінен тұратын шығармашылық топ әзірлейді.

24. Сыныптан сыныпқа ауыстыру, лицей сыныбынан шығару үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады.

25. Оқудан шығарылған оқушылар мемлекеттік мекеменің жалпы білім беретін сыныптарында білімін жалғастырады.

26. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «Санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады.

27. Білім алушылардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

28. Мемлекеттік мекеме автоматтандырылған ақпарат алмасуды және білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен деректерді өзектендіруді және ұлттық білім беру деректер базасында деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

29. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес белгіленеді.

30. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттардың негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

31. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

32. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

33. Оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникул белгіленеді.

34. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы санға қосылмайды.

35. Сыныптардың толықтырылуы 25 оқушыдан артық емес болып белгіленеді.

Белгілі бір аумақта төтенше жағдайлар туындаған жағдайда тиісті мемлекеттік органдардың төтенше жағдай енгізуі, шектеу іс – шараларын, оның ішінде карантин кезінде сынып-жиынтықтар сыныпта 15 білім алушыға дейін қалыптастырылуы мүмкін.

36. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес) ұйымдастырылады.

37. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік мекемеден шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін уәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

38. Білім алушылар мынаған құқылы:

- 1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;
- 3) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды, оның ішінде мүгедектер, кемтар балалар үшін қолжетімді нысанда тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, кемтар балалар үшін дайындалғандармен қамтамасыз етуге жол берілмейді;
- 4) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;
- 5) өз пікірін және сенімін еркін білдіруге;
- 6) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 7) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеуге міндетті.

Білім алушылар мынаған міндетті:

- 1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім, білік, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге, ішкі тәртіп қағидаларында, білім беру ұйымының жарғысында көзделген талаптарды сақтауға;
- 2) өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға;
- 3) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;
- 4) өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін, педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

39. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері құқылы:

- 1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын таңдауға;
- 2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;
- 5) балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуына құқығы бар.

Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

- 1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және Дене күшінің дамуын, имандылық тұрғыдан қатыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;
- 3) балалардың оқу орнындағы сабақтарға қатысуын қамтамасыз етуге;
- 4) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
- 6) білім беру ұйымында белгіленген киім нысанын сақтауға.

40. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері:

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде Педагог:

- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- 2) лауазымды адамдар мен басқа да адамдар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан мамандыққа құрметпен қарауға;
- 4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қажетті жағдайлар жасауға;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) Білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға арналасуға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке Педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;

16) Кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеуге;

17) «әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға»;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» қалықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге құқылы;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

Педагог міндетті:

1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидағтарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруға (растауға);

4) педагогикалық әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, қандықтарына, ата-аналарына, үлкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет, жоғары адамгершілік, патриотизм, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, қызығушылықтарын, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту және азаматты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) өмірлік қиын жағдайда жүрген баланы анықтау фактілері туралы білім беру ұйымының басшылығын дереу хабардар етуге;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына заңсыздық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған заңсыздықтарды (әрекетсіздікті) кәмілетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультация беруге.

Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға және олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру үшін, азаматтардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілілігі, діни немесе тілдік қатыстылығы, олардың дінге сенімдері мен қарасы белгісі бойынша айрықшалығын, артықшылығын не кемдігін психаттайтын үгіттеу үшін, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиеленушілерінің, білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлттарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы дұрыс емес мәліметтер, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы әрекетін іс-әрекеттерге итермелеу ұсынылады.

Міндеттерін бұзғаны және педагог қызметкері, педагог атағына кірмейтін теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

41. Мемлекеттік мекеме «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес қызметтер көрсетуге құқылы.

Мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірістерді мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

42. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен

Бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

43. Мемлекеттік мекеменің осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлерді жасауға құқығы жоқ.

44. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мемлекеттік қызметкері тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

45. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

46. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мүлікті мемлекеттік мекемеге бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асырады;
- 3) коммуналдық меншікті қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

47. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қатыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны кері жалдайтын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;

- 5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;
- 6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге

функцияларды жүзеге асырады.

48. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды

қоспағанда, мемлекеттік мекеменің басшысын тиісті саланың уәкілетті органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

49. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын

ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, тиісті саланың уәкілетті

органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген

міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

50. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаттарында

әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын

құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

51. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеменің жарғылық

қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері Еңбек міндеттерін

бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

52. Мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің

мүдделерін ұсынады;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді

Қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің

біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және

құсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және

жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен

мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолданады;

10) өзінің орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік

мекеменің өзге де қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

53. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құны, оның теңгерімінде көрсетілетін мүлік тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай кірістерді қоспағанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мүліктер есебінен қалыптастырылады.

54. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен алуға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

55. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік мекемеге қызметті әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруден түсетін ақшаны қоспағанда, осындай қызметтен алынған ақша тиісті бюджетке есептелуге жатады.

56. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржы тартып алу қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

57. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы тартып алуға тиісті есеп жүргізеді және есептілік ұсынады.

58. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және тексеруді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі

59. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі заңнамаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

60. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

61. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

62. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

9. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

63. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

64. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

65. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

66. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкі мен өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне енгізіледі.

Басшы:

Т. А. Ә.

КОЛЫ

Номерленді, бауланған және
мөрмен бекітілді/

Пронумеровано, прошнуровано и

сертифицировано печатью

ЕСІЛ ІДНАРАМЛЫҚ АӘДІЛЕТ БАСҚАРМАҚА/ЛИСТА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАН АУМАҚЫ АКАДЕМИЯСЫ

АКҚС ІА ОБЛЫҒЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДИПАРТАМЕНТІ

БАРЛЫҚ НӨМІРЛЕНГЕНІ, ТІРКЕЛГЕНІ

24

Пәтәк

20 21 ж. а. 14 р. 01





Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 5 января 2021 года
№ А-1/3

УСТАВ

коммунального государственного учреждения
«Общеобразовательная школа № 7 города Атбасар отдела образования
по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области»

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа № 7 города Атбасар отдела образования по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области» (далее - государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме коммунального государственного учреждения для осуществления воспитательных, образовательных финансовых функций.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией, Законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства, иными нормативными правовыми актами и на основании настоящего Устава.

4. Учредителем государственного учреждения является акимат Акмолинской области (далее - Учредитель).

5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли является государственное учреждение «Отдел образования по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области» (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование коммунального государственного учреждения: «Общеобразовательная школа № 7 города Атбасар отдела образования по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области»

7. Место нахождения государственного учреждения: индекс 020400, Республика Казахстан, Акмолинская область, Атбасарский район, город Атбасар, ул. Валиханова, 13, Б

2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета

в бланках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

